

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Г. Т. Қасенова¹, М. Е. Нурғалиева²**

^{1,2}Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0049-6099>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4893-5545>

*e-mail: kassenovagulmira1@gmail.com

ІВ БАҒДАРЛАМАСЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ

Аталған мақалада Халықаралық бакалавриат (ІВ) бағдарламасы мен ұлттық құндылықтар ұғымы кіріктіріліп, жобалық оқыту педагогикалық әдісі арқылы жүзеге асыру мәселесі зерттеледі. Жаһандану заманына сай халықаралық бағдарламаларды білім беру ортасында жүзеге асыру, ұлттық құндылықпен бірегейлікті ұштастыру сияқты аса маңызды міндеттер шешіледі. Мәселені қарастыру үшін Астана қаласындағы Riviera International school мектебінің 8-сынып білім алушыларымен бірнеше апта ішінде зерттеу жүргізілді. Патриоттық сезім, мәдени бірегейлік, азаматтық белсенділік, ұлттық құндылықтарды түсіну сияқты ұлттық сананың негізгі төрт өлшемін Ликерт өлшем бірлігі сауалнамасы бойынша анықталып, талдау жүргізілді. Зерттеуден кейінгі және зерттеуге дейінгі статистикалық және маңызды өзгерістер бойынша жұмыс барысы анықталды, нәтижелер шығарылды. Нәтижелер ІВ бағдарламасының МҮР шеңберінде ұлттық құндылық, бірегейлік ұғымының жобалық оқыту арқылы бірнеше мәселені шешетінін дәлелдеді. Оның ішінде ұлттық, жаһандық құзыреттіліктерді дамытудағы тиімді тәсіл екендігін көрсетті. Оқу үрдісінің қатысушыларына арналған әдістемелік ұсынымдар жасалды. Халықаралық бағдарламалар мен ұлттық ерекшелікті ұштастырып, білім беру үрдісінде жаһандану мен өз ұлтына ғана тән белгілерді кіріктіру әлемдік білім саласымен әрекеттесуді кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер ашады.

Кілтті сөздер: Халықаралық бакалавриат бағдарламасы, ұлттық құндылықтар, жобалық оқыту, оқу бағдарламасы, зерттеу дағдылары, жаһандық контекст.

Кіріспе

Жаһандық білім беру стандарттары мен ұлттық мәдени бірегейлікті сақтаудың арасындағы қайшылық бар. Қазіргі заманғы мектептер жүйесі бетпе-бет кездесіп отырған ең өзекті мәселелердің бірі. Жаһандану Қазақстанда да, дүниежүзіндегі басқа мектептерде де ІВ бағдарламасы сияқты халықаралық деңгейде танылған білім беру аясының қабылдануын жедел арттырды. Алайда жергілікті мәдени мазмұнды мұқият есепке алмай халықаралық оқу бағдарламаларын тұтастай қолдану оқушылардың ұлттық құндылығы мен мұрасын сезіну деңгейін төмендетуі мүмкін. Президент Қ.Ж. Тоқаевтың Жолдауында «...Дамыған мемлекеттерде білім беру саласы ұлттық экономиканың тірегі, қозғаушы күші екені белгілі. Сондай елдердің тәжірибесін зерттеген жөн. Бірақ басқалардың бала оқыту үлгісін күр көшіріп әкеле салуға да болмайды. Озық тәжірибені үйреніп, оны еліміздің болмысына бейімдеу керек» делінген. Яғни қандай да болсын озық тәжірибені қолдансақ та, ұлттық ерекшеліктерді ескерген жөн [1].

Көп елдер мойындаған ІВ бағдарламасы дүниежүзінде ерекше маңызға ие. Себебі ол оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, дербестік, жауапкершілік, мәдениетаралық түсінігі жоғары тұлғаны қалыптастыру сияқты әмбебап қабілеттерін дамытуға бағытталған. ІВ бағдарламасы ХХІ ғасырдың ғаламдық азаматына қажет жаһандық сананы жетілдіреді, сыни, өз іс-әрекеті туралы ойлау қабілетін қалыптастырады, құндылық негізі болып табылатын жеке қасиеттерді ашады, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық позиция сияқты қасиеттер мен құндылықтарды дамытады. Халықаралық тәжірибені білім саласына қолдану барысында әр елге ғана тән ұлттық ерекшелік пен құндылықтардың мән-мағынасын төмендетпеу маңызды мәселе болып есептеледі.

Дүниежүзілік білім беру сахнасында белгілі, жаппай қолдау тапқан ІВ бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – білімді, ойлануға ашық, бойында қажетті дағдылар қалыптасқан, басқа мәдениеттерге жағымды көзқарас танытатын оқушыны дамыту. МҮР-да жүзеге асытын халықаралық бағдарлама бірнеше жаһандық концепттерді басшылыққа алады. Сыни тұрғыдан ойлауды концептуалды оқу арқылы орындау, мәдениетаралық құзыреттілік пен өзін-өзі басқаруды дамыту және тағы басқалары сияқты. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда жобалық оқытуды қолдану бойынша танымдық зерттеулер жоқтың қасы, себебі халықаралық бағдарламаның басты мақсаты өзге мәселелер [2].

Жобалық оқыту дегеніміз қарапайым тілмен айтқанда білім алушылардың өмірге қажетті дағдыларын қалыптастыратын оқыту тәсілі. Жобалық оқыту:

- мотивацияны оятады;
- зерттеу дағдыларының дамуына жағдай жасайды;
- жоғары деңгейгі ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Шетелдік ғалымдар Zhang және Ma жасаған мета-талдау нәтижелері бойынша жобалық оқытуды:

- білім сапасының артуына;
- оқу мотивациясының жетілуіне;
- жоғарғы деңгейлі танымдық дағдыларының қалыптасуына әсер ететін фактор ретінде қарастырады.

Қорытындылай келе, жобалық оқыту тиімділігі зерттеу нәтижелерінің сапалы және оқу үрдісінің нәтижелі ұйымдастырылуына тікелей қатысты. Бұл оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін дамытатын бірден-бір педагогикалық әдіс [3].

Аталған тақырып шеңберінде, мәселенің олқылықтарын толықтыру үшін Астана қаласындағы Riviera International school мектебінде оқушылардың ұлттық сана-сезімін, мәдени бірегейлік қасиеттерін, азаматтық белсенділік пен ұлттық құндылық сезімдерін анықтау мақсатында бірнеше апта бойы зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысының басты мақсаты ІВ бағдарламасының МҰР аясында жобалық оқыту арқылы оқушы бойындағы ұлттық құндылықтарды нығайтып, дамытудың ғылыми және әдістемелік негіздерін анықтау. Олардың құндылық сезімін арттыру үшін педагогикалық амалдарды талдау. Осы шешімдер арқылы тәжірибеге негізделген нақты әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу жұмысының міндеттеріне тоқсататын болсақ:

- ұлттық құндылықтарға негізделген жобалық оқыту әдісінің теориялық тетіктерін айқындау;
- білім беру үрдісінде ұлттық тақырыптарға арналған жобаларды өткізу әдісін сипаттау;
- тәжірибелік зерттеу арқылы жобалық оқыту әдісінің артықшылықтарын анықтау.

Егер ІВ МҰР бағдарламасы шеңберінде жобалық оқыту әдісі ұлттық мазмұнмен, құндылықтар ұғымымен үйлестірілген болса, онда оқушылардың ұлттық өзіндік сана-сезім деңгейі, мәдени сәйкестігі мен Отансүйгіштік ұстанымдары артады. Және де, айтылып отырған мәселе халықаралық тәжірибемен ұштастырылып, оқушы бойында өмірлік, жаһандық және ұлттық дағдылар қалыптасады.

Материалдар мен әдістері

Теория мен тәжірибе, халықаралық бағдарлама мен ұлттық құндылық ұштастырылған жобалық оқытудан ғана тиімді нәтиже туатынын ғалым Дью өз зерттеу нәтижелерінде айқын атап өткен [4].

Сонымен қатар, аталып отырған мәселені Выгосткий де өз зерттеулерінде нақтылайды. Осы тұста «жобалық оқыту оқушы үшін несімен тиімді?» деген сауалға ғалым оқушыны ойландырымен, нақты өнім жасап шығуымен, сұраныс туғызып, сол сұраныстың шешімін шығаруымен тиімді болады деуге ғылыми негіз бар [5].

Бұл зерттеудің мәселесін Kokotsaki, Menzies және Weggins сияқты ғалымдар да көтерген. Қозғалған басты сұрақтар: жобалық оқыту білім беру үрдісіне оң септігін тигізеді, мотивация өседі, нақты көрсеткіштер көтеріледі. Дегенмен, жобалық оқытудың табысты болуына бірнеше факторлар әсер етеді. Олар: оқу үрдісінің дұрыс жоспарлануы, қатысушылардың рөлінің айқын болуы тікелей әсер етеді. Сондықтан жобалық оқытуды оқушылардың зерттеушілік дағдыларын жетілдіретін әдіс ретінде қараған жөн [6].

Han, Caprago сияқты зерттеушілердің еңбектерінің нәтижелері бойынша жобалық оқытудың тиімділігін арттыратын фактор ол – педагогтың жоғары құзыреттілігі. Егер де құзыреттілігі төмен педагог бұл әдісті сапасыз қолданса, онда оқушы бойында еш оң өзгеріс орын алмайтыны анық. Тіпті оқу үрдісіне де оң септігін тигізуі сұрақ тудырады [7].

ІВ бағдарламасын түсінікті тілмен айтатын болсақ, дағдыға негізделген, сұрақ қою арқылы оқытатын, өмірмен байланысты халықаралық білім беру бағдарламасы. Ол сегіз пән тобы бойынша, пәнаралық негізде жүзеге асырылады. Бұл бағдарламаның басты міндеті ұлттық құндылықтарды дарыту емес, жаһандық өмірге қажетті дағдыларды оқушы бойында жетілдіру және тағы басқалары[8].

Жеке тұлға өзін қандай да бір ұлттық топқа тиесілігін біз ұлттық бірегейлікке жатқыза аламыз. Шындығына келетін болсақ, ұлттық құндылық пен ұлттық бірегейлік мәселесі толығымен жан-жақты зерттелмеген салалардың бірі. Мектеп жасындағы білім алушылардың ұлттық бірегейлік, құндылық ұғымдарын ең қатты әсер ететін ортасы ол мектеп. Мысалмен дәлелдейтін болсақ, «Identity Project» жобасы мектеп жасындағы оқушыларға ұлттық құндылықтарын іздеп, сол туралы ойлануға қолайлы орта туғызады. Оқушылар мектеп қабырғасында неғұрлым құндылық ұғымымен жиі кездесетін болса, соғұрлым санасынан өткізіп, ойланып, қорытынды жасауға жол ашылады. Бұл бір күндік емес, бірнеше жылғы іс-әрекеттен көрініс табатын нәтиже. Қазақстанда да білім беру саласын реформалауда құндылықтар ұғымы шет қалған жоқ, ол кіріктіріліп, белгілі жоспарлар

жасалынып, өзгерістер енгізілуде. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан шаралар бұл үрдістің ілгерулеуіне септігін тигізетіні анық. Заманауи боламыз деп халықаралық бағдарламаларды жаппай оқу үрдісіне кіріктіріп жатырмыз, дегенмен, оған ұлттық құндылықтарды кіріктіру мәселесі аса өзекті болып табылады. Жобалық оқыту арқылы осы мәселені шешуге бір қадам жасалынады.

Аталып отырған зерттеуге қатысушылармен этикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету үшін деректерді жинауға дейін оқушылардың ата-аналарынан, заңды өкілдерінен жазбаша рұқсат алынды. Ол рұқсат мектеп пен ата-ана тарапынан жасалынатын келісім шартта жарияланған. Әрине деректерді өңдеуде барлық қатысушылардың құпиялылығы сақталды.

Қатысушылар Астана қаласындағы Riviera халықаралық мектебінің 80 8-сынып оқушылары (13–14 жас). Зерттеуге қазақ және орыс тілінде білім алушы оқушылар кірді. Нәтижелер басқа мектеп контекстеріне, әлеуметтік-экономикалық топтарға немесе Қазақстанның басқа аймақтарына қолданылуын шектейді.

Зерттеу бір тоқсан бойы созылды және тәжірибелік топтағы тұрақты сынып мұғалімдері арқылы жүргізілді. Зерттеу мектептегі жобалық оқытуды басқаруға арналған нұсқаулыққа сәйкес жаһандық контекстері мен ұлттық-мәдени тақырыптар шеңберінде нақты айқындалған пәнаралық жоба бірліктерінің сериясынан тұрды. Үш жоба кезектесіп іске асырылды:

«Тамырлар мен Жолдар» модулінде оқушылар қазақтың қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеп, мультимедиялық сандық мұрағат пен сынып көрмесін әзірледі.

«Тіршіліктегі мұра» модулінде оқушылар ұжымдық бірегейлікті қалыптастырудағы қазақ тілін, музыканы, жалпы этнографияны белгілі шағын тақырыпшалар бойынша зерттеп, төменгі сынып оқушыларына арналған таныстырылым презентациялар әзірледі.

«Қазақстан азаматтары, Дүние жүзі азаматтары» (модулінде оқушылар қазақ ұлттық құндылықтары мен жаһандық азаматтықтың байланысын зерттеп, рефлексиялық эссе және мектепшілік іс-шара ұйымдастырды [9].

Ұлттық құндылықтарды анықтауға арналған, төрт көрсеткішті бағалайтын 20 бірліктен тұратын Ликерт өлшемі бойынша сауалнаманы пайдалана отырып өлшенді, олар:

- патриоттық сезім, мысалы, «... қазақ екеніме мақтанамын»;
- мәдени бірегейлік, мысалы, «... қазақ дәстүрлері мен салт-дәстүрлері туралы білімдімін»;
- азаматтық белсенділік, мысалы, «... ұлттық мәдениетке байланысты қоғамдық іс-шараларға қатысуға дайынмын»;

– және ұлттық құндылықтарды түсіну, мысалы, «... қазақтың негізгі ұлттық құндылықтарының мағынасы мен маңызын түсінемін».

Әр бірлік 1-5 балдық Ликерт өлшемі бойынша бағаланды. Сауалнаманы толтыру шамамен 20 минутты алды, бұл үрдіс толығымен сынып кураторларының жетекшілігімен жүргізілді. Ұлттық құндылық, бірегейлік ұғымына қатысты оқушыларға сауалнама берілді. Сауалнама нәтижелері Ликерт көрсеткіші негізінде бағаланды. Атап айтсақ, сауалнама зерттеушілік және қосымша сипатта болды.

Зерттеудің негізгі кезеңдеріне тоқталатын болсақ:

- диагностикалық кезеңде екі топқа бөлінген оқушылардан ұлттық құндылық ұғымы туралы көзқарастарын білу мақсатында сауалнама алынды;
- тәжірибелік кезеңде тәжірибелік топта жобалық оқытуға негізделген білім беру үрдісі ұйымдастырылды;
- қорытынды кезеңде оқушылардан тағы да сауалнама алынып, нәтижелер талданды, салыстыру жүргізілді.

Нәтижелер мен талқылау

1-кестеден оқушылардың ұлттық құндылық ұғымына деген жан-жақты көзқарас пен пікірлері туралы оқушылардың нақты үлестік сипаттағы жауаптарын көруге болады. Зерттеуге қатысқан оқушылардың 50% дан жоғарысы тақырып бойынша қызығушылық танытты. Бұл көрсеткішті біз толығымен мотивациялық негіз деп атауға болады.

1-кесте – Оқушылардың ұлттық құндылық туралы пікірлерінің сипаттамасы (тәжірибелік топ, n = 40)

Көрсеткіш	Оқушылар үлесі (%)	Сипаттама
Ұлттық құндылықтар туралы нақты және жүйелі білім	47 %	Оқушылар ұлттық мерекелерді, салт-дәстүрлерді және құндылықтардың тарихи маңызын жақсы түсінеді
Ұлттық құндылықтарға қызығушылығы шектеулі	30 %	Оқушылар заманауи мәдени ықпалдарға бейім; ұлттық құндылықтар туралы білімдері үзік-үзік
Ұлттық құндылықтарға бейтарап көзқарас танытады	23 %	Оқушылар дәстүрлердің рөлін мойындайды, бірақ терең білімдері жоқ

2-кесте ұлттық құндылық бойынша төрт көрсеткішке негізделген тәжірибелік топтық бастапты және соңғы тест нәтижелерін көруге болады. Статистикаға негізделген маңызды жетістіктерді байқаймыз. Ұлттық құндылықтарды түсіну коэффициенті жоғары болса, азаматтық белсенділік төмен екендігін байқай аласыздар [10].

2-кесте – Зерттеуге қатысқан тәжірибелік топ нәтижелері

Көрсеткіш (1–5 Ликерт шка.)	Тәжірибелік топ: алдын ала тест М (CA)	Тәжірибелік топ: соңғы тест М (CA)	Ауытқу (балл)	t-мән	p-мән	Коэф. d
Патриоттық сезім	3.30 (0.82)	4.41 (0.65)	+1.11	10.94	< .001	1.73
Мәдени бірегейлік	2.78 (0.91)	4.79 (0.58)	+2.01	17.42	< .001	2.75
Азаматтық белсенділік	3.18 (0.77)	4.22 (0.69)	+1.04	10.62	< .001	1.68
Ұлттық құндылықтарды түсіну	2.42 (0.88)	4.51 (0.62)	+2.09	18.03	< .001	2.85

3-кестеден тәжірибелік топ пен бақылау тобы көрсеткіштерінің салыстырмалы деректерін көруге болады. Тәжірибелік топ көрсеткіштері бақылау тобы көрсеткіштерінен жоғары екендігі анақталды.

3-кесте – Тәжірибелік топ пен бақылау тобының көрсеткіштерін салыстыру

Көрсеткіш	Тәжірибелік топ: Алдын ала → Соңғы тест (Δ)	Бақылау тобы: Алдын ала → Соңғы тест (Δ)	Топтар арасындағы t-тест p-мәні
Патриоттық сезім	3.30 → 4.41 (+1.11)	3.28 → 3.52 (+0.24)	< .001
Мәдени бірегейлік	2.78 → 4.79 (+2.01)	2.81 → 3.09 (+0.28)	< .001
Азаматтық белсенділік	3.18 → 4.22 (+1.04)	3.21 → 3.44 (+0.23)	< .001

Көрсеткіш	Тәжірибелік топ: Алдын ала → Соңғы тест (Δ)	Бақылау тобы: Алдын ала → Соңғы тест (Δ)	Топтар арасындағы t-тест p-мәні
Ұлттық құндылықтарды түсіну	2.42 → 4.51 (+2.09)	2.46 → 2.73 (+0.27)	< .001

Зерттеу өткізілгеннен кейін тәжірибелік топтың сауалнама нәтижелері респондент-оқушылардың 74 %-ы жобалық оқытудың ұлттық құндылық пен бірегейлік тақырыбы бойынша тақырыпты талқылау қабілеттерінің арттырғандығын, 78 %-ы зерттеуден соң ұлттық құндылық тақырыбына қызығушылығының артқандығын, 82 %-ы зерттеудің бастапқы кезеңімен салыстырғанда тақырып бойынша қызығушылықтың жоғарылағандығын атады. Аталған нәтижелер мен сандық нәтижелердің сәйкестігін көре аламыз.

Нәтижелер мен талқылау

Аталып отырған зерттеу нәтижелері ІВ бағдарламасы аясында жобалық оқыту арқылы оқушылардың ұлттық бірегейлік, ұлттық құндылық ұғымына салмақты оң өзгерістер әкеле алатындығын статистикалық та, тәжірибелік де көрсеткіштер дәлелдеді. Қысқа мерзімдегі жобалық оқытуға қатысты нәтижелер оған дейінгі де оң ғылыми тұжырымдарға нүкте қойды. ІВ шеңберіндегі кіріктірілген жобалық оқыту мен ұлттық бірегейлік, құндылық тұжырымы әлеуметтік-мәдени ортақ бірегейліктің дамуын кеңейтті. Бір жақты пікір болмас үшін, оған дейінгі ғылыми ойларға сүйенуге болады. Яғни, ол жобалық оқыту мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыруды өзінің әлеуметтік-мәдени теориясында түсіндіріп өткен [8]. ІВ бағдарламасына сай оқушы профилінің көрсеткіштері болып табылатын ашық ойлау, рефлексия жасай алу құндылықтарды қалыптастырудың негізі болмауы керек. Ол өзі жеке іске асырылғаны орынды. Оқушының тұрақты зерттеу үрдісінің мүшесі болуы, оның нәтижеге бағытталуы жобалық оқытудың тиімділігін дәлелдейді. Негізінен зерттеу барысында оқушылардың құндылық ұғымына деген қызығушылығы төмен болған. Бұған жаһандық мәселелердің кері әсері де болуы әбден мүмкін. Зерттеу барысында, нақты айтсақ жобалық оқыту осы топтағы оқушыларды қамтыды. Жобалар білім үрдісіне қатысушылардың ішкі мотивациясының өсуіне, мәдени өзін-өзі тануына әсер етті.

Қорытынды

Қорытындылай келе, шектеулерге тоқталатын болсақ, зерттеу нәтижелері тек бір мектептен алынғандықтан, нәтижелерді өзгеріссіз басқа мектептерге қолдану мүмкіндігі төмен, зерттеу қысқа мерзімде

болғандықтан аса маңызды тақырыпты ұзақ мерзімді бақылау, нәтижелерін қолдану қиындық туғызады. Сонымен қатар, деректерді жинауға тәуелсіз адамдардың қатыспауы нәтижеде субъективтілікке орын беруі мүмкін. Сондықтан, болашақ зерттеушілерге ұсыныс ретінде келесі факторларды атап өтуге болады: ұзақ мерзімді бақылау-зерттеу болса, объективті өлшеу құралдары қолданылса.

Аталған зерттеу нәтижелерінің қорытындыларына тоқталатын болсақ:

- ІВ бағдарламасы оқушылардың зерттеу дағдыларына, сын тұрғысынан ойлау дағдыларына, рефлексия жасай білу дағдыларына негізделгендіктен ұлттық құндылық, бірегейлік ұғымын жобалық оқыту арқылы жүзеге асыруға болады;

- ІВ бағдарламасы арқылы мұғалімдер құндылық ұғымын тиімді кіріктіріп, оқу үрдісін жоспарлауды іске асыра алады;

- ІВ бағдарламасының мақсаттарын жобалық оқыту кезіндегі құндылық ұғымының жеке өлшемдері толығымен жаба алады, ол мұғалім құзыреттілігінде, талап қоя білуінде.

Аталған зерттеу нәтижелері бойынша келесі ұсынымдарға тоқталсақ:

- ІВ бағдарламасы жүзеге асырылатын Қазақстандық мектептер оқу бағдарламасын жоспарлауда жаһандық контекстпен бірге құндылық, бірегейлік ұғымын кіріктірген жөн;

- Мектеп әкімшілігі, оқу үрдісіне қатысушыларды ІВ бағдарламасы мен құндылық ұғымы кіріктірілген мәдени жауапкершілік пен критерийлер қалыптастыруына жағдай жасауы тиіс;

- Оқушылардың ұлттық сана деңгейі тұрақты бағаланып, нәтижелер бойынша іс-шаралар жоспарланса. Тұрақты қадағалау құралдары енгізілсе;

- Ұлттық деңгейде білім беру саласын реформалаушылар арнайы ІВ бағдарламасы жүзеге асырылатын мектептерге жеке, нақтыланған құндылық, бірегейлік ұғымын қолдап, жүзеге асыратын әдістемелік ұсынымдар әзірлесе.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 akorda.kz. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrbyndagy-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340>

2 International Baccalaureate Organization. Middle Years Programme: Programme standards and practices. Cardiff: IBO. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.ibo.org/programmes/>

3 **Zhang, L., Ma, Y.** A study of the impact of project-based learning on student learning effects : A meta-analysis study. Web of Science; Scopus [Text]. //Frontiers in Psychology. – 2023. – 14. – <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1202728>

4 Dewey, J. Experience and education. [Text]. – New York : Macmillan, 1938. – P. 9.

5 **Vygotsky, L. S.** Mind in society: The development of higher psychological processes. [Text]. – Cambridge, MA : Harvard University Press, 1978. – P. 113–135.

6 **Kokotsaki, D., Menzies, V., Wiggins, A.** Project-based learning: A review of the literature. Improving Schools, Scopus [Text]. – 2016. – № 19(3). – P. 267–277. <https://doi.org/10.1177/1365480216659733>

7 **Han, S., Capraro, R., Capraro, M. M.** How science, technology, engineering, and mathematics (STEM) project-based learning (PBL) affects high, middle, and low achievers differently. International Journal of Science and Mathematics Education, Web of Science; Scopus [Text]. – 2015. – № 13(5). – P. 1089–1113. – <https://doi.org/10.1007/s10763-014-9526-0>

8 **Walker, G.** The changing face of international education: Challenges for the IB. Journal of Research in International Education, Scopus [Text]. – 2011. – № 10(3). P. 211–223. – <https://doi.org/10.1177/1475240911422935>

9 **Mergendoller, J. R., Thomas, J. W.** Managing project-based learning: Principles from the field. [Text]. – Novato, CA : Buck Institute for Education, 2005.

10 Cohen, J. Statistical power analysis for the behavioral sciences (2nd ed.). [Text]. – Hillsdale, NJ : Lawrence Erlbaum Associates, 1988.

References

1 akorda.kz. Kazakhstan Republics President of Kazakhstan Khalkyn Zholdauy [Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrbyndagy-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrys-nda-soylegen-sozi-1571340>

2 International Baccalaureate Organization. Middle Years Programme: Programme standards and practices. Cardiff: IBO. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.ibo.org/programmes/>

3 **Zhang, L., Ma, Y.** A study of the impact of project-based learning on student learning effects: A meta-analysis study. Web of Science; Scopus [Text]. //Frontiers in Psychology. – 2023. – 14. – <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1202728>

4 **Dewey, J.** Experience and education. [Text]. – New York : Macmillan, 1938. – P. 9.

5 **Vygotsky, L. S.** Mind in society: The development of higher psychological processes. [Text]. – Cambridge, MA : Harvard University Press, 1978. – P. 113–135.

6 Kokotsaki, D., Menzies, V., Wiggins, A. Project-based learning: A review of the literature. Improving Schools, Scopus [Text]. – 2016. – № 19(3). – P. 267–277. <https://doi.org/10.1177/1365480216659733>

7 **Han, S., Capraro, R., Capraro, M. M.** How science, technology, engineering, and mathematics (STEM) project-based learning (PBL) affects high, middle, and low achievers differently. International Journal of Science and Mathematics Education, Web of Science; Scopus [Text]. – 2015. – № 13(5). – P. 1089–1113. – <https://doi.org/10.1007/s10763-014-9526-0>

8 **Walker, G.** The changing face of international education: Challenges for the IB. Journal of Research in International Education, Scopus [Text]. – 2011. – № 10(3). P. 211–223. – <https://doi.org/10.1177/1475240911422935>

9 **Mergendoller, J. R., Thomas, J. W.** Managing project-based learning: Principles from the field. [Text]. – Novato, CA : Buck Institute for Education, 2005.

10 Cohen, J. Statistical power analysis for the behavioral sciences (2nd ed.). [Text]. – Hillsdale, NJ : Lawrence Erlbaum Associates, 1988.

01.04.25 ж. баспаға түсті.

29.04.26 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Т. Қасенова¹, М. Е. Нурғалиева²

^{1,2}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 01.04.25.

Поступило с исправлениями 29.04.26.

Принято в печать 15.05.26.

РАЗВИТИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРОГРАММЫ IB

В статье анализируется педагогический потенциал проектного обучения в развитии национальной идентичности учащихся в рамках программы среднего звена Международного бакалавриата (IB МYP). Актуальность исследования обусловлена необходимостью поиска эффективных образовательных решений, обеспечивающих согласование глобально ориентированных образовательных подходов с задачами сохранения и трансляции национальных культурных ценностей.

Эмпирическое исследование было реализовано на базе Международной школы Riviera (г. Астана) с участием учащихся 8-х классов в течение девяти недель. В качестве инструмента измерения использовалась валидированная анкета на основе шкалы Лайкерта, позволяющая оценить уровень сформированности национального самосознания по четырём взаимосвязанным компонентам: патриотической направленности, культурной идентичности, гражданской активности и осмысленного восприятия национальных ценностей. Диагностика проводилась на констатирующем и контрольном этапах.

Сопоставительный анализ полученных данных показал наличие статистически значимых различий в динамике показателей экспериментальной и контрольной групп. В частности, у учащихся, вовлечённых в проектную деятельность с культурно-содержательной направленностью, зафиксирован более выраженный рост по всем исследуемым параметрам. Это позволяет предположить, что включение элементов культурно ориентированного проектного обучения в структуру МУР способствует не только углублению предметных знаний, но и формированию устойчивых компонентов национальной идентичности.

Вместе с тем полученные результаты указывают на целесообразность дальнейшего методического осмысления механизмов интеграции национального содержания в международные образовательные программы. В заключительной части статьи представлены практико-ориентированные рекомендации для педагогов.

Интеграция международных образовательных программ с национальными особенностями, а также сочетание процессов глобализации с сохранением уникальных культурных характеристик в образовательном процессе открывают широкие возможности для расширения взаимодействия с мировым образовательным пространством.

Ключевые слова: Международный бакалавриат, национальная идентичность, проектное обучение, образовательная программа, исследовательские навыки, глобальный контекст.

*G. T. Kassenova¹, M. Y. Nurgaliyeva²

^{1,2}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Received 01.04.25.

Received in revised form 29.04.26.

Accepted for publication 15.05.26.

DEVELOPING STUDENTS' NATIONAL IDENTITY THROUGH PROJECT-BASED LEARNING IN THE IB CONTEXT

This study explores the pedagogical potential of project-based learning in fostering students' national identity within the framework of the International Baccalaureate Middle Years Programme (IB MYP). The relevance of the research lies in addressing the growing need to balance globally oriented educational practices with the preservation and meaningful integration of national cultural values.

The empirical component of the study was conducted over a nine-week period with Grade 8 students at Riviera International School in Astana. A validated Likert-scale questionnaire was employed to assess students' national identity across four interrelated dimensions: patriotic orientation, cultural identity, civic engagement, and understanding of national values. Data were collected at both the pre-intervention and post-intervention stages.

Comparative analysis of the findings revealed statistically significant differences between the experimental and control groups. Students who participated in culturally embedded project-based learning demonstrated a more pronounced improvement across all measured dimensions. These results suggest that integrating culturally grounded project work within the MYP framework can contribute not only to academic development but also to the formation of a more coherent sense of national identity.

At the same time, the findings highlight the need for further methodological refinement in aligning national content with international curricula. The paper concludes with a set of practical recommendations aimed at supporting educators in implementing such approaches.

The integration of international educational programmes with national specificities, as well as the alignment of globalization processes with the preservation of unique cultural characteristics in education, creates broad opportunities for expanding engagement with the global educational landscape.

Keywords: International Baccalaureate, national identity, project-based learning, curriculum, research skills, global context.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz